

Екінші жолда тақырыптық екі сын есім мінездемесі беріледі. Үшінші жол тақырыптың немесе заттың әрекетін сипаттайтын үш етістіктен тұрады, төртінші жол автордың тақырыпқа немесе затқа қатысты төрт сөз білдіруінен тұрады. Бесінші жол тақырып немесе заттың мағынасын жалпылайтын немесе кеңейетін синоним келтіріледі. Синквейнды рефлексия деңгейі негізінде қолдануға болады. Бірақ тәжірибе оның басқа да мүмкіндіктерін көрсетеді. Оқытушының бұл стратегияны түрлі пән арасында, түрлі топтарда, сабақтың түрлі деңгейлерінде қолданғанын қарастырамыз. Сабақтың әртүрлі деңгейінде синквейнды қолдану түрлі тапсырманы қамтиды:

Синквейннің тиімді сапаларын келесідей көрсетуге болады:

- күрделі ақпараттарды синтездеу және жалпылаудың құрамы;
- қатысушылардың сөздік қорын бағалау құрамы;
- шығармашылық жағынан даму құрамы;
- студенттің сөздік қорын байытады;
- оны қысқаша мазмұндауға дайындайды;
- шығарма идеясын құрауға үйретеді;
- әр студентке өзін ақын және философ сезінуіне мүмкіндік береді, негізінен синквейнды кез-келген жаза алады.

Синквейн жазу, автордың материалдан негізгі ақпаратты таба білу, оларды қысқаша тұжырымдау және қорытындылау талап етілетін еркін шығармашылық нысан болып есептеледі. Жеке жұмыста да, топтық, жұптық жұмыстарда шығармашылықпен орындайтын тапсырма ретінде қарастыруға болады. Синквейн арқылы сөздік қорды дамытуға, студенттердің қызығушылығын арттыруға, жанама ойлауға, ойды жинақтауға, сөздерді бір-бірімен байланыстыруға болады және де студенттің ойлау қабілетін дамытуға зор ықпалы бар [3, б. 220].

Осы аталған тәсілдерді оқытушы сабақ барысында қолданала алады. Жоғары оқу орындарында осындай бірнеше тәсілдермен білімін жетілдірген студенттер болашақта сапалы білім алып шығады. Сонымен бірге студенттердің қызығушылығын оятып, сабаққа деген ынтасын көтеріп, сабақты тиімді әрі қызықты өткізуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. - Алматы: Фолиант, 2015. -156.
2. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. -Алматы: Дарын, 2013. -124б.
3. Нысанбаева Г., Бейсенбаева А. Қазіргі сабақты жобалау және ұйымдастыру. Шымкент: Өрлеу, 2014. -220б.

Шегебаев М.Т., Қойқараев Н.Т., Алматы қ., «Тұан» университеті мекемесі, «құқықтану» мамандығының 3 курс студенттері
(Ғылыми жетекші - з.ғ.м. Аширова Г.Т.)

ӘРЕКЕТ ҚАБІЛЕТІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Жалпы кез-келген нормативті актілерде айқындалған түсініктердің негізінде көптеген заттар мен құбылыстардың ресми ортақ белгілерге ие нақты мәліметтер жиынын анықтап бөлуге болады. Осы сәтте «мүмкіндіктері шектеулі адамдар» туралы сөз болғанда, өз денсаулығының жағдайына байланысты ерекше мемлекеттік қорғауға мұқтаж адамдар ескеріледі. Бұл өз кезегінде, әртүрлі табиғаттағы ақаулар, сондай-ақ ағзаның өмірлік маңызды функцияларының тұрақты бұзылуын тудыратын бұзылулар аталған тұлғалар санатын әсіресе осал етеді. Осыған сәйкес мұндай адамдардың қызметі шектеулі болып келеді. Бұл ретте өзіне қызмет көрсету, кеңістікте бағдарлану, қозғалу, қарым-қатынас жасау, ресми жұмыс істеу немесе толық жұмыс істеу мүмкіндігі жоқ немесе ішінара ғана іске асырылады.

Қазіргі уақытта қоғам алдында мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қарым-қатынасты олар үшін өзін-өзі іске асыру үшін жағдай жасау, тең мүмкіндіктер жасау; оларға әлеуметтік тәжірибені, қоғамдық қатынастардың қазіргі жүйесін толық меңгеруге мүмкіндік беретін түрлі тәсілдер мен шараларды әзірлеу және енгізу жолымен түбегейлі өзгертудің күрделі міндеті тұр. Бұл үшін мүгедектерге дені сау адамдардың қоғамға тең құқылы кіруіне мүмкіндік беретін оларды оңалтудың әлеуметтік, медициналық, педагогикалық, психологиялық бөлімдерін қамтитын тиімді әлеуметтік қолдау жүйесін құру қажет. Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі

адамдарды кең заңнамалық және ұйымдастырушылық қолдау бар. Оған сәйкес, шектеулер табылған адам мүгедек мәртебесін растай алады. Бұл оған белгілі бір әлеуметтік жеңілдіктер береді: жәрдемақы, тегін дәрі-дәрмектер, тегін техникалық құрал (протездер, арбалар немесе есту аппараты), тұрғын үй төлемі бойынша жеңілдіктер, санаториялық жолдамалар және монетизацияланғанға дейін мүгедектер демалыс орнына бару үшін тегін билет, автомобиль сатып алуға жеңілдіктер алды.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік оңалту қазіргі әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қызметкөрсету жүйелері үшін маңызды міндет болып табылады. 1992 жылғы 5 мамырдағы Еуропа кеңесі Ассамблеясының 44-сессиясының реабилитациялық бағдарламасына сәйкес мүгедектік дене, психологиялық, әлеуметтік, мәдени, заңдық және басқа да кедергілерге байланысты адамның қоғамның дені сау мүшелері сияқты болуына мүмкіндік бермейтін шектеулердің болуы ретінде анықталады. Қоғам – өзінің стандартын мүгедектігі бар адамдардың сұранымдарына сәйкес, олардың тәуелсіз өмір сүруіне жағдай жасау мақсатына бейімдеуі қажет. Мүгедектің тұлғалық-психологиялық бейімделуі ретінде, сонымен қатар қоғамның мүгедектік мәселесін эмоционалды-психологиялық қабылдауы ретінде де бейнеленеді. Мүгедектер халықтың аз ынталанған тобына жататындықтан қоғамның аз қорғалған, әлеуметтік әлсіз бөлігі болып табылады. Бұл ең алдымен, мүгедектікке әкелген аурумен шақырылған, олардың физикалық жағдайының кемшіліктеріне байланысты. Одан басқа, бұл топтардың әлеуметтік қорғалғандығы, көп мөлшерде, олардың қоғамға қарым-қатынасын қалыптастыратын және олармен байланысты қиындататын психологиялық фактордың бар болуымен байланысты [1].

Психологиялық мәселелер мүгедектердің сыртқы әлемнен алшақтауы кезінде пайда болады. Мұндай мәселелердің алдын алу тек әлеуметтік саясат емес тұрғындардың бұл мәселені шешуде бірігуі қажет. Әлеуметтік-экономикалық мәселелер микроәлеуметтік ортамен (отбасы, еңбек тобы, тұрғын үй, жұмыс орны және т.б.) және макроәлеуметтік ортамен (ақпараттық орта, әлеуметтік топтар, еңбек нарығы және т.б.) байланысты мәселелерді мүгедектерді әлеуметтік қорғаудың елдің мемлекеттік саясаты арқылы шешудің маңызды жолы болып есептеледі. Ал мүгедектік мәселелерін шешу аспектісі ретінде мүгедектерге қатысты заңдылық Қазақстан Республикасының Конституциясының және «Қазақстан Республикасы мүгедектерінің әлеуметтік қорғалғандығы туралы» базалық заңның ерекшеліктеріне негізделеді. Мүгедектер өмір сүруінің түрлі саласындағы қоғамдық қатынастарды басқару үшін сәйкес арнайы заңдылықты актілер қабылданған, сонымен қатар мүгедектердің дәрежесі «салалық» актілерде көрсетілген. Заңғасүйене отырып, мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы жолындағы мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаттары мен міндеттерін, жүзеге асырылу жолдарын қарастырамыз [2].

БҰҰ экономикалық, әлеуметтік және мәдени ережелер туралы құжатында әрбір мүгедектің (ересек немесе бала) өзінің денелік және психикалық денсаулығының мүмкін болатын дәрежесіне қол жеткізуіне құқығы бар екендігі атап көрсетілген. Мүгедектер өмірінің барлық жақтарын тұтасымен қамтитын құжат - БҰҰ қабылдаған «Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандарттары ережесі» болып табылады. Бұл құжатта – өмір сүру ғана құндылық ретінде қарастырылып қоймай, сонымен қатар аурусыз, қиналмай өмір сүру, әлеуметтік қалыптасып, даму да өмірдің сапасы ретінде қарастырылды.

Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заң 1991 жылдың 21 маусымында қабылданды. Осы заңда мүгедектік «дене немесе ақыл-ой кемістігінің болуы салдарынан тіршілік етуінің шектелуіне байланысты әлеуметтік көмек пен қорғауды қажет ететін жағдай» ретінде түсіндіріледі. Сондайақ, осы заңның 1-бабында «адамның тіршілік етуінің шектеулігі оның өзіне-өзі қызмет етуі, жүріп тұруы, бағдары, қарым-қатынасы, өзінің мінез-құлқына бақылау жасауы, сондайақ еңбек қызметімен айналысу қабілеті мен мүмкіндіктерінен толық немесе ішінара айырылуы» делінген. Әр мемлекетте мұндай мүмкіндігі шектеулі, әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдар бар. Қазақстанда тумасынан мүгедек болған немесе өмір барысында әртүрлі жағдайларға байланысты мүгедекке айналған адамдармен қоса Ұлы Отан соғысына, Ауған соғысына қатысқан, полигон зардабын шеккен, т.б. жағдайларда мүгедек болған адамдар бар. Халықаралық деңгейде мүгедектер құқығын қорғауға байланысты БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 2006 жылы 13 желтоқсанда «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын» қабылдады. Бұл конвенция 2008 жылы 3 мамырда өз күшіне енді. Осы конвенциямен бір уақытта оның Факультативті протоколы қабылданды. Осы конвенцияда мүгедек әйелдер мен балалар туралы былай дейді: «Қатысушы мемлекеттер

мүгедек әйелдердің және мүгедек қыздардың көптеген кемсітуге ұшырайтынын мойындайды және осыған байланысты олардың барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық және тең іске асыруын қамтамасыз ету шараларын қабылдайды [3].

Қатысушы мемлекеттер әйелдердің жан-жақты дамуын, жағдайының жақсаруын және құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді қамтамасыз ету үшін, олардың осы Конвенцияда бекітілген адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын іске асыруына немесе жүзеге асыруына кепілдік беру үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды».

Қатысушы мемлекеттер мүгедек балалардың барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын басқа балалармен тең дәрежеде толық іске асыруы үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Мүгедек балаларға қатысты барлық ісқимылдарда бірінші кезекте баланың жоғарғы мүдделеріне көңіл бөлінеді.

Қатысушы мемлекеттер мүгедек балалардың оларды қозғайтын барлық мәселелер бойынша өздерінің басқа балалармен тең дәрежеде олардың жастары мен кәмілеттілігіне сәйкес келетін тиісті салмаққа ие болатын көзқарастарын еркін білдіру және осы құқықты жүзеге асыруға мүгедектігі мен жасына сәйкес келетін көмекті алуға құқығы болуын қамтамасыз етеді.

Осы конвенция қатысушы мемлекеттерге қатысты мынадай жалпы принциптерді бекітеді:

1. адамға тән қадір-қасиетті, оның өз таңдауын жасау еркіндігін қоса алғандағы жеке дербестігін және тәуелсіздігін құрметтеу;

2. кемсітпеу;

3. қоғамға толық және тиімді тарту және қосу;

4. мүгедектердің ерекшеліктерін құрметтеу және оларды адами алуан түрліліктің компоненті және адамзаттың бір бөлшегі ретінде қабылдау;

5. мүмкіндіктер теңдігі;

6. қолжетімділік;

7. еркектер мен әйелдердің теңдігі;

8. мүгедек балалардың даму қабілеттерін құрметтеу және мүгедек балалардың өз жеке қасиетін сақтау құқықтарын құрметтеу болып табылады.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау жүйесіне:

1. әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі (мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, арнайы мемлекеттік жәрдемақылар);

2. әлеуметтік қызмет көрсету (протездеу және протезді-ортопедиялық, сурдо және тифло құралдармен қамтамасыз ету, басқа да реабилитациялық қызмет көрсетулер) кіреді.

Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғауға негізделген әлеуметтік саясаты олардың құқығын толығымен сақтауға негізделеді. Әлеуметтік көмекке кепілділіктің берілуі жүйелі түрде, кешенді әлеуметтік, медициналық кәсіби оңалтудың қамтамасыз етілуін, мүгедектігі бойынша кемсітілуге жол берілмеуін қамтамасыз етеді.

Мүгедектерге өмірде қиындық келтіретін кедергілер:

1. денелік шектеулер, ақыл-ой, денелік басқа да кедергілер мүгедектің өздігінше кеңістікте қозғалуын қиындатады;

2. еңбектік шектеулер, патологиялық жағдайына байланысты мүгедектің жұмыс орнына бару мүмкіндігінің қиындауы немесе тіптен болмауы;

3. аз қамтамасыздандырылғандық, әлеуметтік-еңбектік шектеулердің салдарынан төмен еңбекақымен күнелтуге немесе абыройлы түрде өмір сүруге мүмкіндік бере алмайтын төлемдерге қарап қалу;

4. кеңістіктік-орталық, қоршаған ортада еркін түрде қозғалуға жағдайлардың жеткіліксіздігі;

5. ақпараттық, өте маңызды жалпы ақпараттар мен жеке өздерінің өміріне тікелей қатысы бар ақпараттарды алудағы кедергілер;

6. эмоционалдық, бір жағынан қоршаған ортадағы адамдардың таңдана, күлкімен, мүсіркеумен, қорқынышпен қарауы, екінші жағынан мүгедек адамның өзін аяуы, қоршаған адамдарға өшпенділікпен қарауы, өзінің жағдайына біреулерді кінәлау, оқшаулану, аса қамқорлықты күту т.б. сияқты екі жақты түрде көрінеді;

7. коммуникативтік шектеулер, дене мүшесіндегі кемістіктердің негізінде шектеулердің болуынан, эмоционалдық тұрғыдан қорғану мақсатында оқшаулану, ұжымнан шеттеп қалу,

қалыпты ақпараттардың жеткіліксіздігінен болатын толыққанды қарым-қатынас жасаудың бұзылуы [4].

Жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен азаматтардан осы заңның 10-бабында белгіленген, алқабиге кандидаттарға қойылатын талаптарға азаматтардың сәйкес келуін тексеру үшін қажет ақпаратты сұратуға құқылы. Жергілікті атқарушы органдардың сауалдарына жауаптар сауал алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, олардың мекен жайына жіберілуі тиіс. Алқабиге кандидаттардың бастапқы, бірыңғай және қосалқы тізімдеріне енгізілетін азаматтардың саны тиісті облыстық және оған теңестірілген сот төрағасы жыл сайын ұсынатын алқабиге кандидаттардың санына негізделеді. Тиісті облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының ұсынуы сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттардың тізімдері бойынша алқабилерді іріктеу жүргізілетін жылдың бірінші қыркүйегінен кешіктірілмей, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына жіберілуі тиіс [2].

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы жыл сайын, облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының ұсынуын алған күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірмей, әрбір ауданнан (облыстық маңызы бар қаладан) алқабиге кандидаттардың санын айқындайды және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарын алқабиге кандидаттардың саны туралы хабардар етеді.

Алқабиге кандидаттардың тізімдері әліпбилік тәртіппен жасалады. Тізімдерде алқабиге кандидаттардың тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы (жасы жиырма бесте болса қосымша күні мен айы) және тұрғылықты жері көрсетіледі. Алқабиге кандидаттарға қойылатын талаптар:

Алқабилердің тізімдерін жасау кезінде жиырма бес жасқа толмаған; Өтелмеген не алынбаған сотталғандығы бар;

Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;

Судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері;

Наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған адамдар енгізілмейді;

Алқабиге кандидаттардың тізімдерінен:

- қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар;

- өздерінің дене кемістігі немесе психикалық кемістігі салдарынан алқабидің міндеттерін атқаруға қабілетсіз адамдар;

- алпыс бес жастан асқан адамдар; - діни қызметшілер өздерінің жазбаша өтініші бойынша алып тасталады [3].

Осылайша, қылмыстық сот өндірісіне алқабиге кандидаттардың тізімдерін жасау жүргізіледі. Міне осындай санаттағы азаматтардан басқа адамдар алқаби болуға құқылы.

Кей кезде үміткерлердің қажетті саны жиналмауына байланысты сот мәжілісі кейінге қалдырылып жатады. Үміткерлердің келмеуінде объективтік себептермен қатар субъективті жайлар да орын алуда, мысалы, оларды мекеме басшылары жұмыстан босатпауы, босатқан кезде де орынсыз өкпе білдірулері, басқа да жағдайлар орын алуы мүмкін. Осыған байланысты, алқабидің сотқа келуіне кедергі келтірген лауазымды адамның Әкімшілік құқықбұзушылық кодекстің 514-1-бабымен әкімшілік жауаптылыққа тартылатынын ұмытпағаны жөн. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы орган берген тізімдер бойынша көптеген адамдардың көрсетілген мекенжайда тұрмайтыны немесе көрсетілген мекенжай тұрғын үй емес мекеме болып шығатыны, тіпті, тізімге өмірден озған, әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдар енгені анықталып жататыны туралы талай әңгіме болды. Сот алқабилеріне кандидаттарды жіберу кезінде олардың әлеуметтік, қызметтік және мүлдіктік, нәсілдік, ұлттық, жыныстық, дін тұтушылық немесе т.б. жағдайлары соттың шектеуімен рұқсат етілмеуі керек [4].

Бір есте сақтайтыны, бір алқаби жылына бір рет қана алқаби ретінде сот отырысына қатыса алады. Қылмыстық істі алқабилердің қатысуымен жүргізудің маңыздылығы олардың сотталушының қылмыс жасағаны туралы айыпты дәлелдегені туралы шешімінің әділдігінде.

8. Бұл, біріншіден, әділсотты іске асыруда халықтың қатысуы жөніндегі демократиялық қағиданы жүзеге асыру қажеттілігі, сондай-ақ, қылмыстық сот өндірісі қатысушыларының құқықтарын қамтамасыз ету. Біздің пікірімізше, демократия негізі экономикалық әл-ауқат пен саяси бостандықтар емес, көп жағдайда, жынысына, жасына, дінге көзқарасына, әлеуметтік жағдайы мен өзге де жағдаяттарға байланыссыз әр адам құқықтарының толыққанды қорғалуы болып табылады.

Екіншіден, бұл тараптардың теңдігі мен сөз жарыстыруы, кінәсіздік презумпциясы мен сот өндірісінің ашықтығын, транспаренттілігін қамтамасыз ету сияқты қылмыстық процестің негіз салушы қағидалары орындалуының толықтығы. Қазіргі заманда құқықтық мемлекет жазалаушы жабық сотқа сүйене отырып өмір сүруі мүмкін емес. Оның негізі ретінде гуманистік әрі әділсот өндірісіне негізделген қағидалар болуы тиіс.

Үшіншіден, сот отырысын әзірлеу мен өткізу сапасына қатысты талаптардың көбеюі, соның ішінде, дәлелдеме деп тануға қатысты талаптар.

9. Төртіншіден, бұл қылмыстық сот өндірісінде айыптаушы үкімдерінің басым болуын жою, әділсотты әрі заңға сәйкес, әрі әділ өткізу, Қазақстанның тарихи ерекшеліктері мен ұлттық мәдениетінің құнды тәжірибесін ескеру. Осылайша, аса күрделі қылмыстық істердің анағұрлым әділ қаралуын қамтамасыз ету мақсатында республикамызда енгізілген алқаби соты «билер алқасы» деп аталады. Бұның астарында тәуелсіздік, кәсіпқойлық, философиялық ой-толғау, шешендік, шынайы әділеттілік пен адалдық іспеттес негіз салушы қағидаларды күнделікті соттық қызметтерінде шебер қолдана білген ұлы би- судьялар мен билер соттарына деген үлкен құрмет жатыр».

Қазақстандағы жағдай бүгінгі күні мынадай: мүгедектерге қоғамның кейбір салаларында кемсітетін жағдайларға тап келуге тура келеді: қоғамдық ғимараттар, көлік және байланыс құралдары олардың жүріп тұруына бейімделмеген. Қоғамда мүгедектерге материалдық және әлеуметтік жағдайлардың жасалуы әлі де болса жеткіліксіз. Оқып-үйрету және еңбекке орналастыруда қазіргі уақыт талабына сай келмейтін біліктілік стандарттары мен өлшемдер қолданылады, бұл мүгедектердің әлеуметтік жағынан оқшаулануына алып келеді. Сонымен қатар қызмет көрсетулер мен жеңілдіктер алуда мүмкіндіктерді таңдау шектелген. Олар шектелген әлеуметтік, кәсіптік, экономикалық және білім беру мүмкіндіктерін пайдаланады [5].

Қорытындылай келе, мүгедектік мәселесін адамның әлеуметтік-мәдени ортасынан, отбасынан, және интернатүйлердегі жағдайынан тыс түсіндіру мүмкін емес. Жалпы алғанда мүгедектік, адамның мүмкіндігінің шектеулілігі ғана емес және де ол таза медициналық құбылысқа жатпайды. Бұл мәселені тереңірек түсінуге, оның салдарларын болдырмауға, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық т.б. факторлар көмектеседі. Мүгедектерді қоғамға бейімдеуде әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік экологиялық үлгісін қолданған тиімді. Бұл үлгіге сәйкес мүмкіндігі шектеулі адамдардың қиыншылықтары олардың ауруынан ғана емес сонымен бірге оларды қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаның олардың арнайы қажеттіліктеріне сай келмеуінен, адамдардың жақтырмай қараушылығынан да болады. Мүгедек адамдардың қол жеткен жетістіктері рухани және материалдық тұрғыдан қолдауға ие болып отырса олардың өмір сүруге құлшыныстары да артар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Основы социальной работы / отв.ред. П.Д. Павленок. – М.
2. Аксенова Л.И. Социальная педагогика в специальном образовании. – М., 2001. – 75 с. 3 Алаш газеті // 2010жыл, 22 қаңтар. – №35(865). – 2 б.
3. <http://www.primeminister.kz>.
4. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңы.
5. <http://adilet.zan.kz>.